

Торайғыров университеті
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
Торайғыров университет

**ТОРАЙҒЫРОВ
УНИВЕРСИТЕТІНІҢ
ХАБАРШЫСЫ**

Педагогикалық сериясы
1997 жылдан бастап шығады



**ВЕСТНИК
ТОРАЙҒЫРОВ
УНИВЕРСИТЕТА**

Педагогическая серия
Издается с 1997 года

ISSN 2710-2661

№ 3 (2020)

Павлодар

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
Торайгыров университета

Педагогическая серия
выходит 4 раза в год

СВИДЕТЕЛЬСТВО

о постановке на переучет периодического печатного издания,
информационного агентства и сетевого издания

№ KZ03VPYU00029269

выдано

Министерством информации и коммуникаций
Республики Казахстан

Тематическая направленность

публикация материалов в области педагогики,
психологии и методики преподавания

Подписной индекс – 76137

Бас редакторы – главный редактор

Бегентаев М. М.

д.э.н., профессор

Заместитель главного редактора

Ответственный секретарь

Пфейфер Н. Э., *д.п.н., профессор*

Нургалиева М. Е., *PhD доктор*

Редакция алқасы – Редакционная коллегия

Абибуллаева А.,

д.п.н., профессор

Бурдина Е. И.,

д.п.н., профессор

Жумагаева Е.,

д.п.н., профессор

Фоминых Н. Ю.,

д.п.н., профессор (Россия)

Снопкова Е. И.,

к.п.н., профессор (Белоруссия)

Мирза Н. В.,

д.п.н., профессор

Донцов А. С.,

доктор PhD

Шокубаева З. Ж.,

технический редактор

За достоверность материалов и рекламы ответственность несут авторы и рекламодатели

Редакция оставляет за собой право на отклонение материалов

При использовании материалов журнала ссылка на «Торайгыров университета» обязательна

<https://doi.org/10.48081/AIWV9592>**Р. К. Дюсембинова, А. Р. Рымханова**

Академик Е. А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті,
Қазақстан Республикасы, Қарағанды қ.

БІЛІМ АЛУДА ЕРЕКШЕ ҚАЖЕТТІЛІКТЕРІ БАР БАЛАЛАРДЫ ОТБАСЫНДА ТӘРБИЕЛЕУ

Мақала білім алуда ерекше қажеттіліктері бар балаларды тәрбиелеудегі отбасының ықпалын ашып көрсетуге арналған. Білім алуда ерекше қажеттіліктері бар балаға конструктивті және деструктивті қарым-қатынастың ерекше ерекшеліктері анықталды. Ата-аналардың отбасылық қарым-қатынас стильдері сипатталған: гипер-, гипоқамқорлық (гипер-, гипопротекция), ынтымақтастық, репрессивті, сүйемелдеуін қажетсінеді. Білім алуда ерекше қажеттіліктері бар балалардың дамуына әсер ететін биологиялық және әлеуметтік факторлар және олардың отбасыларының психологиялық, әлеуметтік және соматикалық деңгейлері сипатталады. Аталған көрсеткіштерді анықтау мақсатында балалар мен ата-аналардың өзара қарым-қатынасын зерттеуге бағытталған «Отбасындағы қарым-қатынас» сауалнамасы пайдаланылған. Сауалнама сұрақтары отбасындағы бала мен ересектердің қарым-қатынасының барлық жақтарын қамтыған. Алынған нәтижелер ата-аналардың тек белгілі бөлігінде ғана қарым-қатынастың дұрыс орныққандығын көрсеткен, көпшілігі бұл мәселеге салғырт қарайтындығы белгілі болған. Бұл өз кезегінде мектеп пен қоғамдық мекемелер тарапынан «ерекше» балаларды отбасында тәрбиелеуге қажетті психологиялық көмек жүйесін құру мен жүзеге асыру қажеттігін көрсетеді. Ата-аналарға психологиялық қолдау көрсету ісін ұйымдастыру оның мазмұны мен формаларын, әдіс-тәсілдерін таңдап алуда әдіснамалық негіздердерге сүйенетіні, демек бұл іс ғылыми-әдістемелік тұрғыдан тереңірек зерттеуді қажет етеді дегені дәлелденген.

Кілтті сөздер: білім алуда ерекше қажеттіліктері бар балалар, ерекше қажеттіліктер, «ерекше» бала, отбасылық тәрбие, ата-аналардың отбасылық қарым-қатынас стилі.

Кіріспе

Әр адамның өмірінде отбасы ерекше орын алады. Отбасында бала өсе келе өмірінің алғашқы жылынан бастап қоғам өмірі мен адами қарым-қатынас нормаларын меңгереді, отбасынан алған жақсылық пен жамандықты бойына сіңіреді. Отбасы балаға әлеуметтік – тарихи тәжірибені, ең алдымен, адамдар арасындағы эмоционалдық және іскерлік қарым-қатынас тәжірибесін берудің көзі болып табылады. Отбасының тәлім-тәрбиесі өзінің тәрбиелік маңыздылығы бойынша салыстыруға келмейтін баланың қоршаған әлеуметтік болмысты жан-жақты тануын қамтамасыз етіп, жеке және ұжымдық жұмыс дағдыларын меңгертуді, адам мәдениетіне баулитын әлеуметтену процесс.

Ерекше қажеттіліктері бар баласы бар отбасы – бұл ерекше мәртебесі бар отбасы. Отбасы мүшелерінің жеке ерекшеліктерімен және олардың арасындағы өзара қарым-қатынас сипатымен ғана емес, отбасының сыртқы әлемге жабықтығымен, қарым-қатынастың тапшылығымен, ең бастысы -мүгедек баланың күйіне байланысты ерекше жағдайлармен айқындалады.

Бірінші кезекте ерекше қажеттіліктері бар балалар даму ерекшеліктеріне байланысты өз іс-әрекеттерінің толыққанды субъектісі бола алмайтындықтан, олардың әлеуметтік-психологиялық бейімделуіне жауапты ата-аналар үшін үлкен моральдық-психологиялық ауыртпашылық түсіреді. Сайып келгенде, баланың өзі де, отбасы мүшелері де, әсіресе ата-аналары мамандардың психологиялық-педагогикалық сүйемелдеуін қажет етеді.

Зерттеудің нысаны: білім алуда ерекше қажеттіліктері бар балаларды тәрбиелеу процесі.

Зерттеудің пәні: білім алуда ерекше қажеттіліктері бар балаларды тәрбиелеудегі отбасының ықпалы.

Мақсаты: білім алуда ерекше қажеттіліктері бар балаларды тәрбиелеудегі отбасының ықпалын зерттеу.

Міндеттері:

- білім алуда ерекше қажеттіліктері бар балаға конструктивті және деструктивті қарым-қатынастың ерекше ерекшеліктерін анықтау;
- ата-аналардың отбасылық қарым-қатынас стильдеріне сипаттама беру;
- білім алуда ерекше қажеттіліктері бар балалардың дамуына әсер ететін биологиялық және әлеуметтік факторлар және олардың отбасыларының психологиялық, әлеуметтік және соматикалық деңгейлерін сипаттау.

Зерттеудің әдістері мен нәтижесі

Зерттеу барысында жалпы ғылыми әдістер пайдаланылды: теориялық (талдау, салыстыру) және эмпирикалық (сауалнама).

Ғылыми әдебиет көздердерін талдау ерекше қажеттіліктері бар балалардың отбасының ерекшеліктерінің, мүмкіндіктері шектеулі балалардың ерекшеліктерінің жеткіліксіз зерттелгендігін болжауға мүмкіндік береді. Негізінен, ата-аналардың жеке-психологиялық ерекшеліктерінің бала тәрбиесіне әсерінің сипаттамалары (Д. И. Исаев, Е. И. Хохлова); арнайы мекемелерде баларды диагностикалау және түзету жұмыстарын жүргізу, мүгедек балаларды әлеуметтендіру (Р. А. Сулейменова, О. В. Булатова, И. И. Мамайчук және т.б.) проблемаларына арналған бірқатар теориялық-эмпирикалық зерттеулер жүргізілген. О. Л. Зверева мен А. Н. Ганичева атап өткендей: «Мүгедек балалы отбасы – бұл ерекше мәртебесі бар отбасы» [1].

Ерекше қажеттіліктері бар баланы отбасында тәрбиелеуге қолайлы жағдай жасау үшін ата-аналар ең алдымен баланың ауруы мен дамуының ерекшеліктерін, сондай-ақ оның қандай да бір тапсырмаларды, жаттығуларды және т.б. орындай алу мүмкіндігін ескере білуі қажет. Үйдегі өмір сүру қалпы дұрыс реттелген баланың ой-өрісі кеңейеді, байқағыштығы пен білсем дегенге талпынушылығы қалыптасады. Күн сайын баланың алдында тек арнайы ұйымдастырылған сабақтарда және тұрмыстық әрекет ету барысында қалыптасқан өздерінің ақыл-ой және физикалық мүмкіндіктерін белсенді түрде пайдалана алғанда ғана шешуге болатын әр түрлі мәселелер туындайды.

Практикалық және ғылыми-зерттеу әдебиеттерін талдау бірқатар әлеуметтік-педагогикалық мәселелерді анықтауға мүмкіндік берді [2; 3].

«Ерекше» баланың өмірге келуі оның бейімделе алуының ұзаққа созылуының бірдін-бір себебі болып табылатын отбасы өмірінің барлық жақтарын өзгертеді. Ондай отбасындағы ата-аналар достарынан, таныстарынан және тіпті туыстарынан да бойларын аулақ ұстайды.

Әдетте қай ата-ана болмасын болашақта дені сау, әдемі және ақылды сәбиді күтеді. Бұзылған немесе науқас баланың дүниеге келуі, олар үшін бұл терең күйзеліс. Бастапқыда оларда кінәләу, ашулану, ұятсыну, ашыну және өз-өзіне ашулану сезімдері байқалады. Ата-аналар осындай баланы бірде дені сау баланы сүйетін сияқты жақсы көретіндей, бірде оған ашу-ызалы, тіпті қорқынышпен қабылдамайтындай екі түрлі сезімді бастан кешіретіндері кұпия емес. Сөйтіп асыға армандаған сәбидің бұзылыстарын күтпеген ата-аналар салы суға кетіп қатты уайымдайды. Көптеген ата-аналар жанталасып білгір дәрігерлерді немесе ауруханаларды іздей бастайды. Кінәмшіл сезімін жеңуге тырысып, өзінің ашуын кінәсіз балаға емес, кінәні дәрігерлерге, әлеуметтік қызметкерлерге, тәрбиешілерге төгуге тырысады. Ал енді бірі өмірін балаға жұмсап өзін - өзі жазалау жолын тандайды.

«Ерекше» балалы отбасылармен жұмыс істеу тәжірибесі мұндай отбасыларды проблемаға қатысты шартты түрде екі топқа бөлуге болатынын көрсетеді.

Сындарлы қарым-қатынас (конструктивті) – бұл отбасының барлық мүшелерінің проблемаға мойынұсынып эмоционалдық бейімделуінің нәтижесі. Мұндай отбасылардағы сыни сәттер де орын алады, дегенмен ата-аналар отбасында да, балаға да бейімделуге көмектесетін дағдыларды қалыптастыруға мүмкіндік беретін өзіне, өз баласына қатысты оң ұстанымдарды таңдап үлгерген. Бірақ, өкінішке орай, мұндай отбасылар «бұл менің проблемам емес, не болса да өзә жөнін тапсын» дегендей немқұрайдылықпен балаға қаталдық танытатын отбасыларға қарағанда саусақпен санарлық қана.

Сындарлы емес қарым-қатынас (деструктивті) Балалар мен ата-аналар арасындағы жағымды қарым-қатынастың бұзылуы проблеманы өршіктіріп баланы оңалту процесіне кедергі келтіреді және оның мінез-құлықтық ауытқушылықтарының пайда болуына әкеліп соқтырады.

«Ерекше» баланы тәрбиелеудегі маңызды негізгі проблема ата-аналардың баланың даму ақауына деген қатынасы болып табылады. Бұл ретте, әдетте, ата-аналарда үнемі бастарынан кешіретін стресстік жағдайларымен қатар ушығатын терең уайым-қайғы, қаталдық пен дәрменсіздік сезімдерінің орнығып алуы отбасының ыдырауына себеп болады.

Осылайша, отбасы әр адамның өмірінде өте маңызды рөл атқарады. Бұл ерекше қажеттіліктері бар балаларға түсіністікпен көмек қолын созуға тиісті орын. Алайда сол отбасы баланың өзгермелі өмірлік жағдайларда бейімделуіне кедергі келтіріп, жағымсыз қасиеттерінің қалыптасуына себеп болуы мүмкін. Ондай отбасылардың психологиялық, әлеуметтік және соматикалық деңгейлерін бөліп сипаттама берелік.

Психологиялық деңгей. «Ерекше» баланың дүниеге келуін ата-анасы сқмдық трагедия ретінде қабылдайды. Баланың дүниеге келу фактісі ата-анасын, бірінші кезекте анасын күйзеліске ұшыратады. Осындай ұзақ сонарлы сипаттағы стресс ата-аналардың психикасын жарақаттап отбасында қалыптасқан өмірлік стереотиптердің күрт өзгеруінің бастапқы шарты болып табылады.

Әлеуметтік деңгей. «Ерекше» балалардың отбасы өзгелермен қарым-қатынастары шектеле бастайды. Ол баланың ауытқушылықты жай-күйінің ерекшелігіне, сондай-ақ ата-аналардың өздерінің жеке ұстанымдарына байланысты таныстары мен туыс-туғандарымен қарым-қатынастары тарылады. «Ерекше» баланың туу фактісі ата-аналар арасындағы өзара қарым-қатынастарына да жағымсыз әсер етеді. Мұндай қиындықтар кейбір

отбасының ауызбіршілікті болуына жеткізсе, көбінесе оның ыдырауына (32%) әкеліп соғатындығы белгілі, ал бұндай жағдай баланың жеке басын қалыптастыру процесіне теріс әсерін тигізбей қоймайды.

Соматикалық деңгей. Ерекше қажеттіліктері бар баланың анасының үлесіне түскен жүктемелеріне асып түсетін уайымдар оларды әртүрлі соматикалық ауруларға, астениялық және вегетативтік бұзылуларға шалығатындығы байқалады.

Осылайша, бұл категориядағы балалар отбасыларындағы барлық проблемалар халықты әлеуметтік қорғау жүйесі мен білім беру жүйесінің барлық деңгейлерінде тұрақты түрде қолдау табуы қажет. Ата-аналардың жеке ерекшеліктеріне сәйкес ата-аналардың бір бөлігі баланың дамуындағы ауытқуларға қатты алаңдаулы болса, басқалары қаншалықты алаңдаушылық білдіргенімен, өз баласына көмектесу үшін ештеңе қолданбайды, қалғандары балалардың кемшіліктеріне мүлдем назар аудармайтын көзқараста болуы мүмкін.

Әрбір адам туғаннан бастап өзінің қалыпты дамуы үшін ұзақ уақыт бойы тамақтануға, жылулыққа, қауіпсіздікке деген физикалық қажеттіліктерін қанағаттандыруға ғана емес, сондай-ақ оның жақындарымен, сүйікті адамдарымен қарым-қатынасқа мұқтаж. Бұл қарым-қатынастар арқылы адамды адам ететін құндылықтар ғана емес, өзін және басқа адамдармен санасу, жақсы көру, түсіну, өзінің агрессивті импульстерін бақылау және өзіне және айналасындағыларға зиян келтірмеу, қойылған мақсаттарға жету, өзінің және басқаның өмірін құрметтеу қабілеттері жеткізіледі. Бұндай рухани құндылықтар бала өмірінің оқиғаларын ересектермен бірге бастан кешуде ғана қабылдануы мүмкін.

Авторитарлық тәрбиенің жақтастары диктат тактикасын ұстанады, тіпті балалардың толық негізді талаптарын, олардың қажеттіліктерін, мүдделерін қабылдамайды, баланың дербестік құқығы бар екендігін мойындамайды, асыра шектеушілік орын алады, өзіне шексіз бағынды талап етеді. Мысал ретінде ата-аналардың баланың дұрыс талаптарына мойын бұрмаушылығын, «Аузыңды жап! Орында, саған айтқанды! Бар, жоғал!» сияқты дөрекі қылықтарын мысалға келтіре аламыз. Мамандардың пікірінше тым жиі тыйым салу балалардың психикасына теріс әсер етеді, сөйтіп мұндай жағдайларда, әсіресе, ұлдар агрессивті, кекшіл немесе босбелбеу болып өседі.

Бұл мәселе бойынша П. Ф. Лесгафттың: «Отбасылық тәрбиенің барлық құпиясы баланың өзбеттілігін өрістету, бәрін өз бетінше жасауға баулу, ал ересектер баланы өзінің жеке ыңғайы мен рахатына қарай икемдемей, оны адам ретінде дүниеге келген алғашқы күннен бастап жеке тұлға ретінде

мойындайтындай қатынаста болуы керек», – деген сөзі өзектілігін жойған жоқ [4].

Еркін тәрбиелеу принципін ұстанатын ата-аналар баланың өз дегенімен ешқандай шек қоймай, ешқандай міндеттеме артпай өсіру керек деп санайды. Нәтижесінде өз қалауларын тежей алмайтын, басқа адамдардың мүдделері мен құқықтарын назарға алыа санаспайтын жеке тұлға қалыптасуы мүмкін [5].

Отбасы балаға әлеуметтік – тарихи тәжірибені, ең алдымен, адамдар арасындағы эмоционалдық және іскерлік қарым-қатынас тәжірибесін берудің көзі және жанама буыны болып табылады. Осыны ескере отырып, отбасы бала тәрбиесінің, әлеуметтендірудің аса маңызды институты болды деп санауға болады [6].

Отбасылық тұжырымдаманы іске асыру баланың жеке басын қалыптастыру үдерісінде басты бөлуді талап етеді: ұйымшылдық сапасын тәрбиелеу, ерте жастан бастап балалардың өз алдында және отбасы алдында жоғары әлеуметтік жауапкершілігі. Осыған байланысты отбасылық тәрбие үшін қолайлы орта құру міндеті ерекше өткір болып табылады [7].

Білім алуда ерекше қажеттіліктері бар баласы бар отбасыларын төрт топқа бөлуге болады.

Бірінші топтағы ата-аналар сезім сферасының аясы кең ата-аналар. Оларға тән тәрбие *стилі – гиперқамқорлық (гиперпротекция)*. Ата-аналардың өз баласының ықтимал мүмкіндіктері туралы түсініктері барабар емес, анасында үнемі мазасыздық пен жүйке-психикалық шиеленіскен гипертрофиялық сезімі байқалады. Отбасының ересек мүшелерінің мінез-құлқының стилі балаға аса алаңдаушылық қарым-қатынасымен, баланың көңіл-күйіне байланысты отбасының өмір сүру салтын ұсақ-түйегіне дейін реттеумен әуреленіп, әлеуметтік қарым-қатынастардан шектеп отыратындығымен сипатталады. Бұл отбасылық тәрбиенің стилі көптеген жалғыз басты аналардың отбасына тән.

Екінші топтағы ата-аналардың баламен қарым-қатынасы эмоционалдық байланысқа түсуге аса салғырт, *гипоқамқорлық (гипопротекция)* – *салқын қарым-қатынас стилінде көрініс* береді. Мұндайда бала әкесінің де, шешесінің де немесе олардың біреуінің тарапынан жағымсыз қасиеттерін бойына сіңіргіш келеді. Ата-аналар баладан эмоционалдық бас тарту есебінен өзінің психикалық ыңғайсыздығын өтеуге тырыса отырып, қайтмеде баланы емдеуге тырысып, медициналық персоналға асыра сілтеуші талаптар қойғыштыққа бой ұрады.

Үшінші топтағы ата-аналар мен баланың бірлескен іс-әрекетінде өзара сәйкес қарым-қатынасының конструктивті және икемді формасымен, яғни *ынтымақтастық стилімен* сипатталады. Мұндай стиль өмір салты


сияқты, ата-аналардың өз баласының табиғатының күшті жақтарына, табысқа жететіндігіне нық сенімді болғанда, оған жасалатын көмектің қажетті көлемін дәйектілікпен пайымдауда, баланың қоршаған ортамен өзара әрекеттесу процесінде дербестігінің дамытылуы кезінде пайда болады.

Төртінші топтағы ата-аналар авторитарлық ұстанымдағы отбасылық қарым-қатынастың *репрессивті стилімен* сипатталады. Қарым-қатынастары баланың болашағына деген пессимистік көзқараспен, оның құқықтарын үнемі шектеумен, баланың қойылған талаптарды орындай алмаған жағдайда қатаң жазалағыш қатыгез ата-аналық ұйғарымдарда көрінеді. Бұған қоса ондай отбасылар баланың қозғалыс, психикалық және интеллектуалдық мүмкіндіктерін ескерместен, барлық тапсырмаларды, жаттығуларды мүлтіксіз орындауды талап етеді. Бұндай талаптарды орындаудан бас тартқаны үшін кейбір ата-аналар балаларға қол көтеріп физикалық жазаларды қолдануға дейін барады [8, 9].

Осымен байланысты, «ерекше» балаларды отбасында тәрбиелеудің өзіндік ерекшеліктерін зерттеу мақсатында отбасыларының тәрбие стилін анықтау міндеті қойылды.

Зерттеу барысында Қарағанды қаласындағы № 79, № 8, № 37 орта мектептерде оқитын білім алуда ерекше қажеттіліктері бар балалар тәрбиелеп отырған отбасылардың тәрбиелеу стилін анықтау үшін «Сіздің тәрбие стиліңіз» сауалнамасы жүргізілді.


Сауалнама нәтижелері өңделіп, келесі қорытынды жасалды. Эксперименттік топта 50 %-ы отбасы либералды тәрбиелеу типін (өз балаларын жақсы көреді, бірақ тым көп проблемалар туындайды), 33 %-ы отбасының авторитарлық стилін (барлық жағдайдың құнын біледі, тәртіптілікті жақтайды және оны баладан да күтуде, балалар өз өмірінде жетістіктерге жетіп, қателіктер жасамауын қалайды, алайда ата-аналар біртіндеп тәрбиелік әсерлерді жұмсартпаса, уақыт өте келе беделі жоғалады, ал бала болса толық дербестік пен бастамашылыққа жете алмайды), ал 17% отбасының демократиялық стилін (өз баласын жай ғана жақсы көріп қана қоймай, оның қалыптасып келе жатқан жеке тұлғасын құрметтейді) ұстанатындығы белгілі болды (1 сурет).



Сурет 1 – «Ерекше» бала тәрбиелеп отырған отбасыларының тәрбие стильдерінің көрсеткіштері

Балалар мен ата-аналардың өзара қарым-қатынасын зерттеу мақсатында «Отбасындағы қарым-қатынас» сауалнамасы пайдаланылды. Алынған нәтижелер бойынша балалардың 50 %-ы ата-анасымен үнемі «шын көңілмен» сөйлеседі, жеке сұрақтар бойынша кеңес беріледі, 17 %-ы кейде ғана сөйлеседі, бірақ кеңес берілмейді, ал 33 %-ы сөйлескенімен қажет кеңестер алмайды. Көптеген отбасыларда (83 %) ата-аналарының жұмыстарына қызығушылық танытпайды деген қорытынды жасалды. Ата-аналардың 67 %-ы өз баласының достарын біледі, тек төрт отбасында (33 %) білмейді деген қорытынды жасауға болады. Отбасының 66 %-ында бала үй істеріне қатысады, 17 %-ы қатыспайды және 17 %-ы кейде ғана үй істеріне қатысады деген қорытынды жасауға болады. 79 % отбасының баламен біріккен ортақ істі атқаруға қызығушылық бар, ал 21 % отбасында жоқ екені белгілі болды. 50 % отбасы баламен оқыған кітаптарды талқылайды, 17 % отбасы талқыламайды, 17 % отбасы кейде ғана талқылайды. Ата-аналардың 17 %-ы ғана баламен бірге көрмелерде, мұражайларда, концерттерде бірге болатындығы, 50 %-ы баламен бірге көрмелерде, мұражайларда, концерттерде анда-санда ғана болатындығы, ал 17 %-ы мүлде болмайтындығы анықталды. Ата-аналардың 57 %-ы баламен бірге серуендеуге, туристік жорықтарға қатысады, 23 %-ы кейде баламен бірге серуендеуге қатысады, 20 %-ы мүлде қатыспайдығы анықталды.

Сауалнама нәтижесі бойынша эксперименттік топтың 67 %-да ата-аналардың баламен қарым-қатынасы дұрыс орныққан, отбасындағы жағдай ата-анаға да, балаға да жағымды және қолайлы, 33 %-да ата-аналар мен балалардың қарым-қатынасы жеткілікті деңгейде орнықпаған, көпшілігі бұл мәселеге салғырт қарайды, қарым-қатынастары салқын (2 сурет).



Сурет 2 – Балалар мен ата-аналардың өзара қарым-қатынасының көрсеткіштері

Қорытынды

«Ерекше» балаларды отбасында тәрбиелеу ерекшеліктерін талдау нәтижелері ата-аналардың өз балаларын жақсы көретіндігін, алайда мұндай балаларды тәрбиелеуде өте көп проблемаларды бастан кешіретіндігі белгілі болды. Бұл өз кезегінде мектеп пен қоғамдық мекемелер тарапынан «ерекше» балаларды отбасында тәрбиелеуге қажетті психологиялық көмек жүйесін құру мен жүзеге асыру қажеттігін көрсетеді.

Қазіргі кезде тиімді пайдаланылып жүрген көмек әдістерінің бірі – ата-аналар клубтарын құру. Ата-аналар клубтарының қажеттіліктері келесі себептермен түсіндіріледі:

- психологиялық деңгейде – ата-аналардың психикасына бұзушылық ықпал жасайтын ұзақ мерзімдік стресстердің алдын алу қажеттілігі;

- әлеуметтік деңгейде – ата-аналар арасында өзара сенім мен көмек жағдайын орнату қажеттілігі, себебі, отбасында «ерекше» баланың дүниеге келуі олардың жұбайлық қарым-қатынастарын қиындатады да, көп жағдайда ажырасуға әкеп соқтырады, сонымен қатар, отбасының бұрыннан қалыптасқан өмір сүру стилі өзгереді (қарым-қатынас пен байланыс ортасы шектеледі);

- соматикалық деңгейде – «ерекше» баладан басталып ата-анаға жалғасатын патологиялық тізбекті үзу қажеттілігі, себебі, баланың науқас күйі біртіндеп ата-анада да соматикалық немесе психикалық науқастар туындатуы мүмкін.

«Ерекше» бала тәрбиелеп отырған ата-аналар клубының басты мақсаты – отбасыларына әлеуметтік-психологиялық қолдау көрсету.

Ата-аналар клубы жұмысының нәтижелілігі оған ата-аналардың белсенді қатысу дәрежесі мен тренингтерде алған ақпараттарын, білім-дағдыларын бала - ата-ана арасындағы тұлғааралық қатынастарда дұрыс пайдалана білуімен тікелей байланысты. Клубтың жұмысы ата-аналарға проблемалы жағдаяттарды шешуде тәжірибе алмасуға, қиындықтардың алдын алуға және жаңа стресс күйлерді болдырмауға мүмкіндік береді, ата-аналар өзгелердің тәжірибесі арқылы кез келген жағдайға даярлықта болады [10].

Қорыта келе, ата-аналарға психологиялық көмек пен қолдау көрсету ісін ұйымдастыру алдымен оның мазмұны мен формаларын, әдіс-тәсілдерін таңдап алуда белгілі бір әдіснамалық негіздердерге сүйенетіні белгілі. Сондықтан «ерекше» бала тәрбиелеп отырған ата-аналарға психологиялық көмек көрсету ісі ғылыми-әдістемелік тұрғыдан тереңірек зерттеуді қажет етеді.

Пайдаланған деректер тізімі

1 **Зверева, О. Л., Ганичева, А. Н.** Семейная педагогика и домашнее воспитание : Учеб. пособие для студ. сред. пед. учеб. заведений. – М. : Издательский центр «Академия», 1999.

2 **Василькова, Ю. В., Василькова, Т. А.** Социальная педагогика. – М., 2000.

3 **Мастюкова, Е. М., Московкина, А. Г.** Семейное воспитание детей с отклонениями в развитии. – М. : ВЛАДОС, 2004.

4 **Лесгафт, П. Ф.** Собр. пед. соч.: В 5 т. – Т. 3. м М., 1956.

5 **Крупина, И. В.** Основы семейного воспитания // Педагогика / Под ред. П. И. Пидкасистого. – 2-е изд. – М., 1996.

6 Работа с родителями: практические рекомендации и консультации по воспитанию детей 2–7 лет / авт.-сост. Е. В. Шитова. – Волгоград : Учитель, 2010. – 168 с.

7 Семья как самоорганизующаяся среда воспитания детей // Автореф. дис. канд. пед. наук. – Якутск, 1999. [Электронды ресурс]. – <http://www.dissercat.com>

8 **Полоухина, Е. А.** Особенности семейного микроклимата в семьях с детьми-инвалидами // Вестник Санкт-Петербургского университета, 2008. – Вып. 3. – С. 143–148.

9 Специальная семейная педагогика. Семейное воспитание детей с отклонениями в развитии : учеб. пособие для студ. вузов / Под ред. В. И. Селиверстова. – М. : ВЛАДОС, 2009. – 358 с.

10 **Варнакова, Ю. В.** Психологическая помощь семьям, имеющих детей-инвалидов // Современные наукоемкие технологии. – 2010. – № 8. – С. 99–101; [Электронды ресурс]. – <http://www.top-technologies.ru/ru/article/view?id=25302> (дата обращения: 09.12.2019).

References

1 **Zvereva, O. L., Ganicheva, A. N.** Semejnaya pedagogika i domashnee vospitanie [Semejnaya pedagogika i domashnee vospitanie] : Ucheb. Posobie dlya stud. sred. ped. ucheb. zavedenij. – Moscow : Izdatel'skij centr «Akademiya», 1999.

2 **Vasil'kova, Yu. V., Vasil'kova, T. A.** Social'naya pedagogika [Social'naya pedagogika]. – M., 2000.

3 **Mastyukova, E. M., Moskovkina, A. G.** Semejnoe vospitanie detej s otkloneniyami v razvitii [Semejnoe vospitanie detej s otkloneniyami v razvitii]. – Moscow : VLADOS, 2004.

4 **Lesgaft, P. F.** Sobr. ped. Soch [Sobr. ped. soch.]: V 5 t. – T. 3. – M., 1956.

5 **Krupina, I. V.** Osnovy` semejnogo vospitaniya [Osnovy semejnogo vospitaniya]. In Pedagogika / Pod red. P. I. Pidkasiogo. – 2-e izd. – M., 1996.

6 Rabota s roditelyami : prakticheskie rekomendacii i konsul'tacii po vospitaniyu detej 2-7 let [Rabota s roditelyami : prakticheskie rekomendacii i konsul'tacii po vospitaniyu detej 2–7 let] / avt.-sost. E. V. Shitova. – Volgograd : Uchitel', 2010. – 168 p.

7 Sem`ya kak samoorganizuyushchaya sreda vospitaniya detej [Sem`ya kak samoorganizuyushchaya sreda vospitaniya detej] // Avtoref. dis. kand. ped. nauk. - Yakutsk, 1999. [Электронды ресурс]. – <http://www.dissercat.com>.

8 **Polouxina, E. A.** Osobennosti semejnogo mikroklimata v sem'yax s det'mi-invalidami [Osobennosti semejnogo mikroklimata v sem'yax s det'mi-invalidami]. In Vestnik Sankt-Peterburgskogo universiteta, 2008. – Issue 3. – P. 143–148.

9 Special'naya semejnaya pedagogika. Semejnoe vospitanie detej s otkloneniyami v razvitii : [Special'naya semejnaya pedagogika. Semejnoe vospitanie detej s otkloneniyami v razvitii : ucheb. posobie dlya stud. Vuzov] / Ed. V. I. Seliverstova, O. A. Denisovoj, L. M. Kobrinov. – Moscow : VLADOS, 2009. – 358 p.

10 **Varnakova, Yu. V.** Psixologicheskaya pomoshh` sem'yam, imeyushhix detej-invalidov [Psixologicheskaya pomoshch` sem'yam, imeyushchih detej-invalidov]. In Sovremennye naukoemkie tekhnologii. – 2010. – № 8. – P. 99–101; [Электронды ресурс]. – <http://www.top-technologies.ru/ru/article/view?id=25302> (Accessed: 09.12.2019).

Материал 30.09.20 баспаға түсті.

Р. К. Дюсембинова, А. Р. Рымханова

Воспитание детей с особыми образовательными потребностями в семье

Карагандинский университет имени академика Е. А. Букетова,

Республика Казахстан, г. Караганда.

Материал поступил в редакцию 30.09.20.

R. K. Dyussebinova, A. R. Rymkhanova

Education of children with special educational need sin the family

Academician E.A. Buketov Karaganda University,

Republic of Kazakhstan, Karaganda.

Material received on 30.09.20.

Данная статья посвящена раскрытию влияния семьи в воспитании детей с особыми образовательными потребностями. Выявлены специфические особенности конструктивного и деструктивного отношения к ребенку с особенностями в развитии. Охарактеризованы стили семейного общения родителей, такие как, гипер- и гипопека, сотрудничества, репрессивный. Рассмотрены социальные и биологические факторы развития детей с особыми образовательными потребностями. Изучены психологические, социальные и соматические уровни формирования личности детей-инвалидов в семье. В целях определения указанных показателей использован опросник «взаимоотношения в семье», направленный на изучение взаимоотношений детей и родителей. Вопросы анкетирования охватывают все стороны взаимоотношений ребенка и взрослого в семье. Полученные результаты показали, что только у определенной части родителей отношения налажены правильно, многие относятся к этому вопросу с пренебрежением. Это, в свою очередь, говорит о необходимости создания и реализации системы психологической помощи, необходимой для воспитания в семье «особых» детей со стороны школ и общественных учреждений. Доказано, что организация психологической поддержки родителей опирается на методологические основы в выборе ее содержания и форм, методов и приемов, а значит, это дело требует более глубокого научно-методического изучения.

Ключевые слова: дети с особыми образовательными потребностями, особые потребности, «особые» дети, семейное воспитание, стиль общения родителей и детей.

This article is devoted to disclosure of the family's influence in raising children with special educational needs. Specific features of a constructive and destructive attitude towards a child with developmental peculiarities are revealed. The styles of family communication of parents, such as hyper and hypo-care, cooperation, repressive are characterized. The social and biological factors of development of children with special educational needs are considered. The psychological, social and somatic levels of personality formation of children with disabilities in the family are studied. In order to determine these indicators, the questionnaire «family relationships» was used, aimed at studying the relationship between children and parents. The survey questions cover all aspects of the relationship between a child and an adult in the family. The results showed that only a certain part of parents have established relationships correctly, many treat this issue with disdain. This, in turn, indicates the need to create and implement a system of psychological assistance necessary for the upbringing of «special» children in the family by schools and public institutions. It is proved that the organization of psychological support for parents is based on methodological foundations in choosing its content and forms, methods and techniques, which means that this matter requires a deeper scientific and methodological study.

Keywords: children with special educational needs, special needs, «special» children, family education, parent-child communication style.

Теруге 30.09.2020 ж. жіберілді. Басуға 19.10.2020 ж. қол қойылды.

Электронды баспа

2,66 Мб RAM

Шартты баспа табағы 36,5.

Таралымы 300 дана. Бағасы келісім бойынша.

Компьютерде беттеген З. С. Исакова

Корректорлар: А. Р. Омарова

Тапсырыс № 3701

Сдано в набор 30.09.2020 г. Подписано в печать 19.10.2020 г.

Электронное издание

2,66 Мб RAM

Усл.п.л. 36,5. Тираж 300 экз. Цена договорная.

Компьютерная верстка З. С. Исакова

Корректор: А. Р. Омарова

Заказ № 3701

«Toraighyrov University» баспасынан басылып шығарылған

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

«Toraighyrov University» баспасы

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

8 (7182) 67-36-69

e-mail: kereku@tou.edu.kz

www.vestnik.tou.edu.kz